

шығарма бере алмайды, өзінің оқырманын да жаулай алмайды.

Стиль ұғымы қазір үш түрлі жағдайда қолданылып жүр. Жеке шығарманың стилі, жазушы стилі, ортақ стиль (немесе стильдік ағым). Дұрысында стильдің жазушы стилі деген мағынада пайдаланған ләзім. Алғашқы және соңғы жағдайлардағы қолданыстары жалпының жекеге, жекенің жалпыға қатынастағы көрінісі деп ұққан жөн.

З.Шашкин шығармаларының көркемдік ерекшеліктері, тақырып талдау, кейіпкер психологиясын ашу, сөз саптау, сюжет құрау, бір сөзбен жазушылық стилі қандай? Өзге әріптестерінен озған не кемшін түскен тұстары бар ма? деген мәселелерге тоқталу маңызды. Бұл арада төселген шеберлік пен жазушының стильдік ерекшелігіне М.Әуезов талғамымен баға берген жөн. М. Әуезов стиль хақында: «Әдебиеттегі ұлттық түр мәселенің бір іргелі үлкен мәні – стиль. Теңеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел келіп жазу стилін қалыптастырады».

Әдебиеттің ұлттық ерекшеліктер жайын атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір стиль – сөздік, ақындық теңеу кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол – ұлттық мінез бейне жасаудың стилі», – деген екен [1, 230 б.].

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көрнекті ғалым З. Қабдолов: «Нағыз пейзаж – поэзия! Характер! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауының, сезіну түйсінулерінен, көңіл-күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ!»

Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Ал, стиль – адам» [2, 92 б.], – десе, профессор Р. Нұрғалиевтің пікірінше, «... әдеби ұғымдағы стиль – ең алдымен – эстетикалық категория... Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеясымен жанды түрде байланысып жатыр. Өйткені, көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» [3, 204-205 бб.].

Белгілі бір қаламгердің шығармаларындағы тілдік құбылыстарды қарастырудың негізгі бір саласы оның стильдік ерекшеліктерін тану мәселесімен байланысты болып келетіні мәлім. Біріншіден, белгілі бір шығарманың немесе жалпы жазушы шығармаларының стильдік арналарын көрсету сол автордың тілдік компоненттерді қолдану мүмкіндіктерін саралауға жол ашса, екіншіден, стильді қарастыру тілдік тұрғыдан алғанда кешенді зерттеу болып табылады. Өйткені, стиль категориясы көркем әдебиеттің барлық саласымен байланысты.

Көркем әдебиет тілін стильдік тұрғыдан зерттеуде Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, Ә. Қоңыратбаев, С. Негимов, Қ. Жүсіп және т.б. ғалымдардың еңбегін ерекше атауға болады. Егер стиль дегеніміздің өзі кез-келген қаламгердің ешкімге ұқсамас даралық қасиеті десек, З.Шашкинге тән стильдік сипаттар қандай?

Ең алдымен, жазушы жақсылық пен жамандықты негізгі объект етіп ала отырып, адами, рухани құндылықтарды жоғары қойып, дәріптейді. Суреткерге тән негізгі қасиет – шығармаларына психо-

логиялық, лирикалық сарындармен қатар философиялық ой дарыту басым. Яғни оның қаламынан туған шығармалар философиялық астарларға бай. Сондай-ақ асқынған драматизм, трагедиялық тағдыр, жаратылысы бөлек дәрігерлер характерлерін ұтымды бейнелейді.

Мысалы, З.Шашкиннің ең алғашқы шығармаларының бірі «Доктор Дарханов» романын алайық. Шығарманы кезінде ең алғашқы дәрігерлер өмірі жайындағы туынды ретінде қабылданғаны белгілі. Ендеше шығарма құнын асырған қасиеттер қандай десек, ол ең алдымен тақырып тосындығы болса, соған орай жазушы идеясының шығарма сюжетімен табиғи бірлік табуы дер едік. Әрине, бұл тек «Доктор Дарханов» романына ғана қатысты ерекшелік емес, З.Шашкин шығармаларының барлығына дерлік тән қасиет. Өйткені қайсыбір туындысын алмайық, өмірдің ең өзекті, аса зәру, әлеуметтік мәселелерін көтергені анық. Олар тек жанрлық тұрғыдан және шығарманың сюжеті мен композициялық құрылымынан ғана өзгеше. Ал, автордың философиялық ой түйіні, алдына қойған ұлы гуманизм – барлық шығармаларының алтын арқауы.

Стиль ұғымының кең екендігін жоғарыда айттық. Ғалым З. Қабдолов «Сонымен, біз жазушының күллі творчествосының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің (идея-тақырып-тіл) тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз... Міне, стиль – әр суреткерге тән осындай творчестволық ерекшелік» [2, 331 б.], – деп жазады.

Қандай да бір әдеби бейне жасау типі – автордың суреткерлік көзқарасына, идеялық ұстанымдарына қатысты болып келетіні белгілі. Бұл – мәселенің негізгі жағы. Ал, әдеби бейне жасаудың тілдік және көркемдік астарларына үңілгенде, бұл тұста қаламгердің дара қолтаңбасы өзіндік маңызға ие болады. Осындай дара қолтаңбадан авторға тән стиль келіп шығады. Зейін Шашкин шығармашылығымен таныса отырып, оның прозалық шығармаларынан өзіне тән стильдік ерекшеліктерді көркем пейзаж, өткір образ бейнелері арқылы айқын көре аламыз.

З.Шашкин – өз кейіпкерлерінің ішкі жан иірімдерін суреттеуде өзіндік соқпағын салған суреткер. Уытты да қарапайым тілмен жазылған қысқа да жинақы шығармаларында ол кейіпкерлердің жан дүниесіне бойлай отырып, оның кәусар бұлақтың сылдыры секілді өзгеше күйін шертуге талпыныс жасайды. Оның әрбір туындысындағы образдар өзіндік рухани тазалығымен құнды. Осы орайда «Ұядан ұшқанда» повесіндегі Сақа мен Жүніс образдарын арнайы айтуға болады. Жазушы осы кейіпкерлер арқылы ұлттық болмысты, адамдық қасиетті биік шыңға көтере отырып, олардың арманы мен мақсатын білуге ұмтылады. Коммунист Сақа Сағатовтың басына түскен қиын-қыстау тағдыр тауқыметін әр қилы тартыс, күрес үстінде ашады. Ал оның әкесі Жүніс – табиғатынан ақылды, өжет, кесек тұлға. Ол өктемдік, озбырлыққа жаны қас. Ағайынның, елдің қамын ойлайтын зерделі, ардагер азамат, теңдік, әділеттік үшін күресетін, алға қойған

мақсатына жетпей қоймайтын кейіпкер ретінде шығармадан орын табады.

3.Шашкиннің бұл повесінен жатсынудың бір құрамдас бөлігі – үнсіздік көрінісін Сақаның қарындасы Гүлжанның бойынан байқаймыз. Іштен тынып, сыртқа шықпайтын оның ойлы жанары да көп мәліметтерді береді. «Үнсіздік – кейіпкердің ішкі жан әлемін ашуда ең үлкен жауапты да көркемдік психологиялық қызметті атқарады. Ол әсіресе мынадай жағдайда, психиканың ең терең пластикасы және ішкі жағдай өте қарама қайшылықты, күрделі және бұлыңғыр кезінде сәтті қолданылады. Және ондай психологиялық сәтті өзге ешқандай бейнелеу тәсілі алмастыра да алмайды. Үнсіздіктің өзі адамның тұңғық жан дүниесін жан-жақты ашуға және психологиялық ауыр жағдайды одан әрі күрделендіруге, күшейтуге, динамикалы дамытуға салмақ салады» [3, 71]. Демек, Гүлжанның ақылдылығы да осында жатыр.

Қаламгердің қаламынан туған «Теміртау», «Тоқаш Бокин» романдары мен «Өмір тынысы», «Темірқазық», «Ұядан ұшқанда» повестерінде қоғамды тікелей әлеуметтік айыптау, сынау-мінеу жоқ, керісінше, жазушы әңгімеші ретінде көрініп, кейіпкерлерін әлеуметтік - психологиялық типтер деңгейіне көтере, сюжеттерді бірде күлкілі, бірде ойлы ситуация төңірегінде өрбіте отырып, үлкен философиялық жинақтауға қол жеткізеді. Сөйтіп, көркем әдебиетімізде Жүніс, Саха Сағатовтарды, атакты революционер Тоқаш Бокинді, Асқар, Дәмеш, Нияз, ойлы күрескер Нұрланды алып келіп, олардың ұлттық болмысын, психологиялық образын жан-жақты танытып, сол арқылы заманның шындығын, бет-бейнесін оқырман қауымға ұсынды. Қай шығармасын алсақ та өмірдің ащы шындығы көркем де, шынайы сипатталған.

3.Шашкиннің тағы бір ерекшелігі – жазушы шығармалары көбіне I жақтан баяндау, не әңгімелеу түрінде келеді. Мысалы:

1. «Мен дәрігермін. Алматының медицина институтын бітірсем де, Қиыр Шығыста солдаттардың арасында дәрігер боп әскери міндетімді атқардым» [5, 8 б.].

2. «Маған жұрттың бәрі дос, бәрі жақсы көрінді. Құшақты аша, жүрегімді ұсына, «ой,бауырымдап!» аңқылдап қарсы алдым» [5, 10 б.].

3. «Менің бойымдағы жетіспейтін мінездің бірі осы – кішіпейілділік пе деймін. Қоян-қолтық араласып, сырын алмаған адамға аса ашыла қоймаймын, қабақ шытып. Салқын амандасам» [5, 94 б.] Демек, жазушы ең алдымен туындыларының экспозициясына және кейіпкерлерінің таныстырылуына аса назар аударатындығын байқаймыз. Бұндай бірінші жақтан әңгімелеу («мен») формасының ерекшелігі – баяндаудың субъективтілігімен, шындыққа ерекше жақын болып көрінуімен байланысты. Мұнда жеке адам ерекше сезіледі. Әңгімелеушінің өзі бейнеленуші болмыстың бір тетігі ретінде алынады. Әрі оқиғаға қатысушы ретінде, әрі әңгімелеуші ретінде ол өзінің басынан өткендерін, көргендерін ғана баяндайды. Жазушы «мен» тұлғасындағы әңгі-

мелеуші ретінде өзі екі қызметті біріктіріп, автобиографиялық және «сыршыл» шығармаға айналдырған.

3.Шашкин романындағы сюжеттік байланыс, сюжеттік дамуы, сюжеттік тартыс, негізінен алғанда, әлеуметтік жіктердің арасында өтеді. Жазушы шығармаларындағы сюжеттік желісінде белгілі бір көркем заңдылық, ұқсастық пен ортақтастық бар. Суреткер сомдаған кейіпкерлердің қай-қайсысы болмасын өзіндік мінез, сөз, ой қайшылықтарымен ерекшеленеді. Сонысымен де олар оқыған адамның есінен кетпестей жатталып қалады. Мысалы, жазушының «Тоқаш Бокин» романы адам санасында жүріп жатқан тартыстардың желісіне құрылған. Қоғамдағы сан түрлі қақтығыстар кейіпкер-қаһарманның үздіксіз тайталасқа түсіп, әлеуметтік майданды бастан кешуімен суреттеледі. Зұлымдық пен ізгіліктің үнемі қарама-қайшылықпен арпалысуы, адам жанын азаптап, сананы сергелдеңге салуымен сол заманның ащы шындығын ашады. Мұндай әдебиетке адамның екі ұдай халдегі сезімі, ішкі «менмен» тартысы әсіресе ұлы М. Әуезовтің психологиялық әңгімелерінде кеңінен суреттеледі. М. Әуезов алып келген әдеби дәстүр қазіргі кезең әдебиетінде өз жалғасын табуда. Осы тұрғыдан келгенде 3.Шашкин шығармаларын көптеген жазушылармен салыстыруға болады. Мәселен, соғыстан кейінгі дәуірде Х.Есенжановтың «Ақ жайық», М.Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда», Қ.Исабаевтың «Айқыз» сияқты туындылары жазылу формасы, көлемі, көркемдік дәрежелерінің әрқилылығына қарамастан, қазақ топырағында революцияшыл идеялардың таралуы, етек алуы жайында болды.

Көркем әдебиетте «бейнелі сөз, көркем өрнек» деген ұғымдар бар. Көркем әдебиеттің көркемдігі ең алдымен жазушының тіл байлығы арқылы бағаланады. Көркем шығарманың эстетикалық нысанын, идеясы мен тақырыптарын ашуда, жазушының шығарма арқылы көрсеткісі келген өмірлік шындығын бейнелеуде, кейіпкер бейнесін сомдауда, жалпы шығарманың мұрат бағдарын айқындауда ең басты құрал оның тілі, стилі болып табылады. Жазушы 3.Шашкиннің прозалық шығармаларының тілінде әдебиет теориясындағы көркемдегіш құралдар өте орынды қолданған. Қаламгер тілі оқырманына жеңіл, түсінікті болғанымен, онда терең ой мен мазмұн жатыр. Әр сөзі сөйлемнің негізгі мазмұнын жеткізуде үлкен орын алады, сөйлемдерінде терең философиялық астарлар кездесіп жатады. Сонымен қатар, қанатты сөздер де кездеседі. Мысалы: «Ақылды адам кішіпейіл келеді» дейді ескі латын мәтелі» [5, 94 б.]

Сөз жоқ, 3.Шашкин – талант. Ол – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Кезінде Кеңес өкіметі заманында идеологиялық жағынан тапсырыспен сыналған, шығармалары оқытылмаған жазушының мұрасы ұшан-теңіз. Оның қаламынан туған роман, повестері, әңгімелері – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған үлес. Ғалым Б. Шалабаев: «Көркем әдебиет тілін ғылыми тұрғыдан зерттеу, бір жағынан тіл ғылымының өрелі кезінде, екінші жағынан өскелең әдебиет, соған сай әдебиеттану ғылымының

биік даму жағдайында дүниеге келеді» [6, 3 б.], – деп орынды айтқан. Ендеше ең әуелі суреткерге тән негізгі қасиет – кейіпкер психологиясын ашудағы сәтті ізденістері еді. Ол сомдаған кейіпкерлер шынайылығымен, ұлттық характерлерге тән мінез-құлықтарымен, даралануымен де, сондай-ақ 1950-1960 жылдары көбіне үстем болған социализм әдісінің әдебиет таптық, партиялық болуы керек деген қатаң қағидаларын бұзғандығымен де құнды.

Қорыта айтсақ, қарымды қаламгер З.Шашкин ұлт тағдырына ерекше қарағандығы әр шығармасында айқын байқалып отырады. Яғни, «Доктор Дархановтағы» Нәби сияқты рухани күш, білім жинаймын деп, өз отбасын тасада қалдыру арқылы үлкен ой тастайды. «Тоқаш Бокин» романында елі

үшін көрген қиыншылықтарын моймай көтерген қаһарман өмірін, кейінгі толқын жастарға үлгі етеді. Жазушының қайсыбір шығармасын алмайық, сөз саптау, оқиға өрбіту, сөйлем құрау мен сюжет түзетуі бәрі ойлы да толғамды. Соған орай желі тартқан автордың ұлы азаматтық, адамгершілік сияқты гуманизмі мен мұндалап тұрады.

1. Әуезов М.О. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1958. – Т.12. – 498 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, – 2002. – 290 б.
3. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы: Алаш, 2003; –328 б.
4. Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
5. Шашкин З. Доктор Дарханов: Роман. – Алматы: Раритет, 2006. – 336 б.
6. Смағұлова Н.Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты: Филология ғыл. канд. автореф.: Астана, 2006.

Р. Т. Әлмұханова

КӨЗДІҢ ҚАСИЕТТІЛІГІ

Қазақта «көз тиді» деген ұғым бар. Осы сөздің мағынасы қазақ және антикалық Полифем мен Төбекөз образдарын салыстыру барысында анықталады. Өйткені, Төбекөзде – көздің фетиштік қызметі жақсы сақталған. Ежелгі гректер үшін де бұл өзекті болған. Оған мысал өте көп. Мәселен, Паллада Афинаның көзі жабайы әрі магниттей тарту күші ерекше болған, ал, Медуза – горгонның көзі түскен нәрсенің бәрі тасқа айналған. Ал, циклоптардың бір көзі екі көздің қызметін атқарған. Аргустың бүкіл денесі көз болғандықтан, көріпкел болған, ол өлген соң оның көзін Гера өзінің қасиетті құсы – тауыстың құйрығына орнатқан. Сондықтан архаикалық фольклорлық түсінік бойынша көз – фетиш болғандықтан циклоптың жанды жері – сол. Жанды жеріне зақым келген соң ол, әрине, өледі. Ғылымда ежелгі нанымдардың қайсысы бұрын шықты дегенде алдыңғы орынға анимизмді қояды. Бірақ бұл туралы ойлану керек. Әлдебір заттың жаны бар деп тану, жалпы жан туралы түсінік кейін шыққан сынайлы. Алдымен ол зат жаны бар деп танылу үшін қасиетті саналуы тиіс, ал, қасиетті деп тану фетиш туралы түсінікпен сабақтас. Осылай ойлағанда ежелгі нанымдар арасында фетиш анимизмнен бұрын пайда болған. Кейін сол қасиетті саналған заттың жаны бар деген түсінік жеке анимизм туралы ұғымды бөліп шығарады. Бұл тұрғыда монофункцияның полифункциядан бөлініп шығатыны сияқты тәсіл қолданысы да осы ойды қуаттай түссе керек. Көз қалайша фетиш болады деген сауалдың тууы заңды. Полифемнің маңдайындағы жалғыз көзін Күннің атрибуты деп қарауға болады деген пікірді антикалық мифтерді зерттеуші Э.Я.Голосовкер «Логика мифа» деген кітабында жазған.

«Қорқыт Ата кітабында» Төбекөзге пері анасының:

– Ұлым, саған оқ өтпесін, тәніңді қылыш кеспесін, – деп, баласының саусағына жүзік салуын [1, 178-б.] темірден жасалған заттың магиялық күші бар деген түсінікпен қабылдау шектеулі ұғым болады..

Жүзік сарыны шешен мәтінінде де сақталған. Мұндағы кейіпкердің аты – Парчо. Бірақ оған жүзікті шешесінің бергені туралы айтылмайды. Бұл мәтінде оның көзінің күйі мен оны өлтірген кейіпкердің қой терісін жамылып, құтылу тәсілі көп халықтың фольклорына ортақ. Айламен құтылған жігітті ұстаудың амалы ретінде Парчо оған жүзігін береді. Жігіт ол жүзікті саусағына кигенде одан дыбыс шығады, сол дыбыс арқылы оны ұстап алмақшы болып, солай қарай жүреді. Жігіт жүзікті саусағынан алайын десе, ол шықпайды. Ақыры, саусағын шауып тастап, лақтырып, қашып құтылады [2, с.123].

Моңғолдың «Гесер» шығармасында да магиялық жүзік сарыны бар. Гесердің әйелін ұрлап кеткен он екі басты мангус Арал-гоаның алдап-сулауымен екі алтын жүзікті беріп қояды. Әйел оны Гесерге береді, сол жүзіктердің бірі мангустың мекенінің қақпасын ашса, екіншісі оны жабады. Алтын жүзіктерді алу арқылы Гесер әйелін құтқаруға мүмкіндік алады [3, с.131]. Демек, орта ғасырларда жүзік сарыны архаикалық маңызын жоймаған. Ал, түріктекті халықтардағы нұсқаларда Төбекөздің магиялық сипатын жүзік сарыны бойынша зерттеп көргенде оның оғыздар бірлестігінде маңызды сарын болған деп қорытынды жасауға болады. Өйткені, тек темірден жасалғаны ғана емес, жүзіктің дөңгелек